

6D060800 – Экология мамандығы бойынша PhD философия докторанттың  
ғылыми дәрежесін қорғауға ұсынған «**Жаңаөзен қаласының  
коммуналдық-тұрмыстық сарқынды суларынан улы ингредиенттерді  
жоюудың биологиялық процестерін зерттеу және оңтайландауды**»  
Баймұкашева Шынар Хабибуллиевнаның диссертациялық жұмысына  
ғылыми қенесшісінің  
**ПКРІ**

Баймұкашева Ш.Х. диссертациялық жұмысты Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжинириング университетінде «Экология және геология» кафедрасында орындаған. Познань Мемлекеттік Жаратылыштану университетте жасайтын жетекшісімен бірігіп ғылыми бағдарламасы, жұмыс жоспары және зерттеу алгоритмы құрастырылған.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарының бірі- экология бойынша орындалды және Батыс Қазақстанның құргақ климаттық аймагында орналасқан Жаңаөзен қаласы үшін су ресурстарын сақтау мәселесін ұтымды шешуге бағытталған. Баймұкашева Ш.Х. алдына қойылған мақсаты- Жаңаөзен қаласының коммуналдық-тұрмыстық сарқынды суларынан улы ингредиенттерді жоюудың биологиялық процестерін зерттеу және оңтайландауды. Жұмыс істеу кезеңінде ғылыми нәтижелерін Баймұкашева Ш.Х. шетелдік және отандық ғылыми конференцияларда баяндаған.

Ғылыми жұмыстарды атқару барысында Баймұкашева Ш.Х. өзін жоғары жауапкершілікті, еңбеккор маман ретінде көрсетті. Ғылыми жұмыс тақырыбы бойынша материалдар іздеуде белсенділік пен бастама көрсетті. Барлық тапсырмалар мен міндеттерді уақытылы орындағы, құжаттаманы мұқият жүргізді. Диссертациялық жұмысты орындау барысында Баймұкашева Ш.Х тазартылған сарқынды сулардың қайталама ластану себептерін зерттеді, биологиялық тазарту сатысының биоценозының әртүрлі поллютанттарға реакциясын зерттеді, жергілікті флораны зерттеу негізінде сарқынды суларды фитомелиоративті тазарту әдісін өндеді. Аналитикалық шолу дайындағанда үлкен көлемде әдебиеттерді өндеген, оның ішінде шет тілінде шыққан басылымдармен де танысқан. Қойылған міндеттерді шешу үшін дәстүрлік пен заманауи құралдарды пайдаланған. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында докторант өсімдіктер мен су сынамаларын жинау және камералдық өндеу әдістерін, микроскопиялау әдістерін, зерттеу нәтижелерін статистикалық талдау әдістерін игерді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстардың нәтижесінде, Жаңаөзен қаласының территориясында орын алған жер асты суларының көтерілуі мен жоғары дәрежеде минералдануының себептері анықталды; судың қайталама ластануын болдырмау үшін диссертант геомембраналар мен бірқатар ішшаралар арқылы ластаушы тоғанның жағалауларын нығайтуды ұсынады, белсенді тұнбаның гидробионтты организмдерінің әртүрлі поллютанттарға реакциясы алғаш рет зерттелді, Жаңаөзен қаласының коммуналдық-тұрмыстық сарқынды суларында улы ингредиенттердің құрамын азайту

үшін алғаш рет өсімдіктер мен альгофлораның әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, тазартудың 4 сатылы фитомелиоративтік әдісін қолдану ұсынылады, оларға ҚР пайдалы моделіне 2 патент алынды.

Сонымен, Баймукашева Ш.Х. диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалықтар мен практикалық бағалығы жағынан ғылым дамуына үлкен үлес қосты. Диссертациялық жұмысты теория және практика жағынан толық ғылыми зерттеу ретінде қарастыруға болады. PhD-диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сайкес келеді, ал Баймукашева Ш.Х. докторлық ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймын.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
университетінің  
«Экология» кафедрасының  
б.ғ.д., профессор

*Алғаш*

А.Ә.Исаева

